Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:: Еркіндік ЖББМ

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі 8-12 қаңтар 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Смайлик арқылы амандасу	Жүрекшемен қарсы алу	Шармен қарсы алу	Тапперлермен қарсы алу	Микрафонмен амандасып қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу	Баланың эмоционалды көңіл- күйі жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Үстел үстінде қалай отыратыны жайлы әңгіме	Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме	Бала демалыс күнінде немен айналысатыны жайлы әңгіме
Балалардың дербес іс-әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Қимылды ойын «Доп қуу» Мақсаты: балаларды шапшаң дербес әрекет етуге үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Дидактикалық ойын «Даусынан тани аласың ба?» Мақсаты: тыңдау, есту қабілеттерін одан ары қарай дамыту, тіршілік иелерінің дауыстарын ажырата алуды үйрету.	Бейнелеу іс-әрекеті «Көбелектің суретін жалғастыр» Мақсаты: балалардың қиялы мен шығармашылығын дамыту.	Үстел-үсті ойыны «Кім алғыр?» Мақсаты: құлақтың естігіштігін, сөздік нұсқаулықты оны айтатын дауыс күшіне қарамастан дұрыс қабылдай білуді дамыту.	Дидактикалық ойын «Зейінді бол!» Мақсаты: балалардың тыңдау, есту қабілеттерін жетілдіру.
ҰІӘ дайындық	Педагогтың жетекшілігімен ойын:	Құрылымдалған ойын: «Көңіл-күйді бейнеле»	Құрылымдалған ойын:	Құрылымдалған ойын:	Педагогтың жетекшілігімен ойын:

	«Артығын тап» Мақсаты: Берілген тізбектен артық затты таба алады.	Мақсаты: Көңіл-күй суреттерін таба алады.	«Ретімен әңгімеле» Мақсаты: Балалар суреттер бойынша әңгімелеп құрастырады.	«Шытырман» Мақсаты: Суретті қателерді табады.	«Қай мезгілде болады? Мақсаты: Суреттен мезгіл құбылыстарын айта алады.
Кестеге сәйкес ҰІӘ	**Сауат ашу негіздері** Сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау.Геометриялық фигуралардың көгөністер,жеміс-жидектердің т.б дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру,бояу. «Жұп құр» ойын-жаттығуы Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізік, тақия-тарақ, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине Мақсаты:Балалардың түрлі іс-әрекетінде сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру. **Сөйлеуді дамыту**	**Көркем әдебиет** Әдеби шығармаларды эмоциональды қабылдауына ықпал ету,олардың мазмұның түсіну. Себеп салдарлық байланыстарды,жанрларды ертегі,әңгіме,өлең Мысық, әтеш және түлкі (ертегі) Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға,ертегіні әңгіме-леу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдануға үйрету**.** **Музыка** Музыка Билер. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру; «Әніміз бар тамаша!»	**Математика негіздері** Шама. Беттестіру,тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдана отырып заттарды салыстыру,заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу. Мақсаты: салмағына қарай тең және тең емес заттар туралы білігін қалыптастыру «Ауыр – жеңіл», «бірдей» дидактикалық ойыны. Педагог балаларға сыныпта бар заттарды қолға қойып, салыстырып, заттардың қайсысы жеңілірек, қайсысы ауырлау екенін салыстырып	**Қазақ тілі** Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақ шешкізу Мақсаты: Ауызекі байланыстырып сөйлеу мәденитетін дамыту. Санамақ Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. *** Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа,	**Көркем әдебиет** **«**Қойшы, түлкі және аю» (қуыршақ театры)» Мақсаты: Үйлесімді қимылды дамытады, әртүрлі дауыс күшін қолдана отырып, кейіпкердің эмоциялық бейнесін бере біледі . **Қазақ тілі** Қазақ тілі Сөздік қор Шағын өлеңдер,санамақтар,жаңылтпаштар,тақпақтар жаттату,жұмбақтар шешкізу.Балаларды шешендік өнерге,айтыс өнеріне баулу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу; Жеті ұл Сәл демалып, тынып ал. Тақпақ тыңдап, ұғып ал.

	Әңгімелеушіні тыңдауға,диалог жүргізуге,өз пікірін айтуға үйрету. Мақсаты:Балалардың түрлі іс-әрекетіндеауызекі байланыстырып сөйлеуді қалыптастыру. Ұшақтар Сабақтың мақсаты: Білімділік: Оқушылардың танымдылық деңгейлерін кенейту, ұшақ, әуежай туралы білімдерін толықтыру. Дамытушылық: ауызекі сөйлеу әрекеттерін дамыту, құрмалас сөйлем құрастыру, талдай білуге жаттықтыру. Тәрбиелік: мәдениетті сөйлей білуге, Отанымыздың дамуына өз үлесін қосу, болашақта қандай маман иесі болатындығын түсіне білуге баулу. Сабақтың барысы: І. Ұйымдастыру кезеңі.	Мақсаты: балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру; әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдіс - тәсілдер: салыстыру, сәйкестендіру, «ой қозғау», миға шабуыл, топтық жұмыс, дидактикалық ойын. Көрнекілігі: ойынға арналған үйлер және суретті алмалар (слайд), «Әнші төлдер» макеті, «Көңілді шарлар». Билингвизм: ән - песня, әнші - певец, ақын - поэт, сазгер - композитор Музыка жетекшісінің іс - әрекеті І. Бастапқы жүріс «Балдырғандар маршы»	білуді ұсынады: «Өлшеу» бойынша жұптық жұмыс. **Сауат ашу негіздері** Қолды жазуға дайындау. Педагог жетекшілігімен ойын: «Сөз ойла, тез ойла» Мақсаты: Балалардың тапқырлықтарын байқау. Мысалы: Тәрбиеші «жеміс» десе, балалар алма, алмұрт, банан, апельсин, т.б. айтады**.** **Қоршаған ортамен таныстыру** Менің Отаным-Қазақстан. Мақсаты:Балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту,қоғам мен мемлекет ұғымдарын Мақсаты: Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстан Республикасының жер көлемі туралы түсінік беру, елімізде өндірілетін қазба	Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян; Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Саусақ санау ойыны Қуыр - қуыр қуырмаш, Балаларға бидай шаш! Тауықтарға тары шаш! Бас бармақ, Балалы үйрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. *** Сен тұр – қойына бар! Сен тұр – қозыңа бар! Сен тұр – жылқыңа бар! Сен тұр - сиырыңа бар! Сен тұр – түйеңе бар! Ал сен алаңдамай, Қазан түбін жалап, Үйде жат. Мына жерде құрт бар, Мына жерде май бар... Мына жерде қатық бар... Мына жерде қытық бар... Қытық, қытық! Нешеуміз Бір үйде нешеуміз?	Апта деген ағайдың Жеті бірдей ұлы бар: Біріншісі – Дүйсенбі, Екіншісі – Сейсенбі, Үшіншісі – Сәрсенбі, Төртіншісі – Бейсенбі, Жұма деген – Бесінші ұл, Алтыншы ұл - Сенбі, Жетіншісі – Жексенбі. *** Санамақ - Адамда қанша бауыр бар? - Біреу. - Қанша өкпе бар? - Екеу. - Бір тоқсанда неше ай бар? - Үшеу. - Есеп шығаратын амал қанша? - Төртеу. - Күнде оқылатын намаз қанша? - Бесеу. - Әлемде қанша құрлық бар? - Алтау. - Бір аптада неше күн бар? - Жетеу. - Малда қанша жілік бар?

	Кезекшімен сұхбат II. Үй жұмысын тексеру III. Сабақтың мақсатын, барысын түсіндіру. Жаңа сабақ. «Сөйлеу мәдениеті өспейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жетуге болмайды.» Б. М. Теплов 1 - тапсырма. Б. М. Тепловтың сөйлеу мәдениеті туралы ойын қалай түсінесің? Адам өзінің сөйлеу мәдениетін анықтама бюросында көрсете ала ма? 2 - тапсырма. Диалогты оқып, түсінуге тырысыңдар. - Кешіріңіз, Алматыға дейін ұшақ неше сағат ұшады? - Ұшақ Алматыға дейін 1 сағат 20 минут ұшады. - Ұшақ жолда қонады ма? - Ұшақ жолда қонбайды. - Ұшаққа бір билет бар ма? - Сізге қай күнге керек? - Маған ақпанның он бесіне, кешкі уақытқа	Марш екпінді әуен ойнап, балаларды қабылдайды. Әндете сәлемдеседі. Біз - көңілді баламыз, Өнер қуған дарамыз. Әнге салып әдемі Би де билеп аламыз. II. Музыкалық - ырғақты қимылдар «Келші, құрбым билейік» Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырады. Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етеді. III. Музыка тыңдау Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталатып, үйретеді. Бір баладан өзі білетін	байлықтардың қай жерден шығатыны туралы білім беру, рәміздерді білуге үйретуді жалғастыру, сөздік қорларын, ой - өрісін дамытып, дұрыс сөйлеуге жаттықтыру. Өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу. Көрнекілігі: Слайд, карта, елтаңба, ту, шаңырақ, далада өсіп жатқан қызғалдақтар, үй жануарлардың төлдерімен суреті. Билингвизмі: Отан – Родина, елтаңба – герб, әнұран – гимн, туу – флаг Шаттық шеңбері Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой - Ал қанекей бәріміз Сәлем дейік үлкенге! (3 тілде амандасу)	Кел, санайық екеуміз. Бас бармағым – әкем, Балалы үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – мен, Кішкене бөбек – сен. Бір үйде біз нешеуміз? Бір үйде біз бесеуміз. Сабақтың мақсаты: а) Білімділік: оқушыларды халық ауыз әдебиеті шығармасының түрлері жұмбақ, жаңылтпаш, мақал - мәтелдерімен таныстыру. ә) Дамытушылық: халық шығармасының бұл түрлерін бір - бірінен ажырата білуін, мәнін терең ұғынып, мағынасын аша білуін, тілін дамыту. б) Тәрбиелік: оқушылардың халық ауыз әдебиеті шығармасы арқылы ұлттық сезімін оятып, кішіпейілділікке, ізеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу. Сабақтың әдісі: сұрақ - жауап Сабақтың түрі: тренинг -	- Сегіз. - Домбыраның пернесі қанша? - Тоғыз. - Цифрлар қанша болды? - Он. Міне өстіп жаңалап Айтып шықтық санамақ. **Математика негіздері** Шама. Ауыр. Жеңіл «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттың салмағы оның өлшеміне байланысты емес, деген ұғым беру. Салмақ ұғымы. Шамаларды салыстыру. Мақсаты: Салмақ туралы түсінік беру. Заттардың салмағын салыстыру. Көрсеткіштері қарама-қарсы (алақандағы) заттардың салмағын салыстыруға үйрету. «+» және «=» белгілері туралы ұғым беру. Есеп шығару дағдыларын арттыру. Есептеуге деген қызғушылықтарын арттыру

	керек. - Ақпанның он бесінде Қарағандыдан Алматыға 9Y 723 рейсі ұшады. Осы ұшаққа билет бар. Аласыз ба? - Алматының ауа райы туралы қайдан білуге болады? - Ұшақ қонуға бет алғанда стюардесса хабарлайды. - Ұшаққа өзіммен бірге неше кг жүк ала аламын? - Өзіңізбен бірге 10 кг жүк ала аласыз. Қалған жүгіңізді Алматының жол жүгі бөлімінен аласыз. - Менің бірінші рет ұшаққа отыруым еді. Егер ұшақта жүрегім айныса, гигиеналық пакет керек болса, не істеуіме болады? - Егер ұшақта жүрегіңіз айныса, стюардессаны шақыруға болады. Ол сізге минералды су мен гигиеналық пакет береді. - Ұшақтың билеті неше теңге тұрады?	әннің әуенін ля - ля буыны арқылы орындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады. - Әнді кім шығарады? - Қандай сазгерлерді білеміз? - Әннің сөзін кім жазады? - Әнді орындайтын адамды кім дейміз? - Қандай ырғақтағы әндерді білеміз?. Балалардың назарын « ақылды тақтаға» аударады. «Бұл үйдегілер не істеуде?» муз. дид. ойынын ойнауға шақырады. 1.«Елімізді сүйеміз» (марш) Ж. Қалжанова 2. «Күзге сәлем!» (вальс) А. Еспенбетова 3.«Әлди»халық әні (бесік жыры) Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс -	- Балалар қазір қай мезгіл? - Көктем мезгілі. - Көктем мезгілінде неше ай бар? Қазір қай айы? - Көктем мезгілінде 3 ай бар. Қазір мамыр айы. - Мамыр айында қандай өзгерістер болып жатыр? - Күн жылып, жер бусанып, өсімдіктер өсіп, гүлдер құлпырады. Төл көбейеді, өріске шығады. құстар ұя салып, балапан шығарады. Мамыр айы көктемнің ең сұлу шағы. - Жарайсыңдар балалар! өте жақсы. - Балалар біз қай елде тұрамыз? - Қазақстан Республикасында. - Жарайсыңдар балалар біз Қазақстан Республикасында тұрамыз, ол - біздің	сабақ Пәнаралық байланыс: ағылшын тілі, орыс тілі, дүниетану. Көрнекі құралдар: үлестірмелі қима қағаздар, тренинг ережелері жазылған плакат, топ ұпайларын белгілейтін көрсеткіш. Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі. А) сәлемдесу; ә) топтарға бөлу. II. Жаңа сабақ - Бүгінгі сабағымыз тренинг түрінде өтеді. Тренинг - сабақтың негізгі мақсаты сендерді ұйымшылдыққа, топтасып жұмыс істеуге баулып, ойларыңды бөлісіп, ашық айтуға дағдыландыру. Сабағымызды бастамай тұрып тақтадағы ілулі тұрған сөздерді оқи отырып топтарға бөлінейік Есік. Кереге Уық. Шаңырақ Бақан	Балаларға жылы лебіздер айтқызу. Назарын сабаққа аудару. Апта күндерін еске түсіріп, атау. Ұйымдастыру кезеңі. Сандарды тура, кері санату. Өткен санның таңбасын еске түсіру. Жаңа сабақ. Салмақ туралы балаларға түсінік беру. Салмақты өлшеу үшін әртүрлі тараз-ылар қолданады. Таразы-лардың әр түрі болады: табақтық таразы, безмен, кішігірім өлшеуіштері бар дәріханалық таразылар. Алақанға салу арқылы заттың салмағын өлшеп үйрету. Практикалық жұмыс: Балаларға заттарды өлшету заттардың ауыр, жеңіл болатынына көз жеткізу. Сергіту сәті: «Буратино созылды..» Балаларды «+» және «=» белгілермен таныстыру. Бір затты екінші затқа

	- Ұшақтың билеті 15000 теңге тұрады. - Ұшаққа отырғызу сағат нешеде басталады? - Ұшаққа отырғызу сағат бесте басталады. - Билетті қай кассадан ала аламын? - Билетті екінші кассадан ала аласыз. - Берген мәліметіңізге көп рақмет. 3 - тапсырма. Кестеге қарап, рейстер туралы әңгімелеңдер **Музыка** Билер әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу; «Әніміз бар тамаша!» Мақсаты: балалардың ән туралы түсініктерін қалыптастыру; әнді мұқият тыңдай отырып, сипатын ажырата алу, бірге ән салу, ән ырғағын дәл сақтап орындау дағдыларын жетілдіру;	әрекет үстінде екенін табуды сұрайды. Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойналатынын айтады. IV. Дауыс жаттығулары Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән береді. «Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады. V. Ән салу 1. «Елімнің ертеңгі иесі біз!» әні: А. Еспенбетова. Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды. Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды. 2. «Әніміз бар тамаша!»	Отанымыз. Отан – Родина. Отан туралы қандай тақпақтар білесіңдер? Отан туралы тақпақтар: З. Темірлан: Отан тарих, Отан – тіл Жасаған елің, ер халқын Отан - өлкең, Отан – жыр Көтерген көкке ел даңқын Сабина: Байтақ дала - туған жердің, Қымбат маған әр тасы Өзен - көлі, сама желі Асқар тауы, баршасы. Аружан: Алтын дәнді даласы бар, Ақ күмістей қаласы бар. Неткен сұлу, неткен көркем Осы менің туған өлкем. Балалар Отан туралы қандай мақал - мәтелдер біледі екенсіңдер тексеріп	Осылайша сыныпты 5 топқа бөле отырып, ережесімен таныстыру. 1. Тыныштық сақтау 2. Бір - бірін тыңдау. 3. Қол соғу. 4. Ойын ашық айту. Әрбір дұрыс жауап 5 ұпаймен бағаланады. - Енді әр топ өздерінің 1) топ басшысын 2) уақыт есептеушісін 3) жазып отырушысын 4) көпшілікке таныстырушысын сайлау керек. - Әр топтың топ басшысы топ мүшелерінің сабаққа қатысуын бақылап, сабақ соңында бағалау тапсырылады. 1 - бөлім. Кіріспе бөлім. «Білгенге маржан, білмегенге арзан» Әр топқа тапсырмалар таратылады. Ойлануға 2 минут уақыт беріледі. Тапсырмалар: №1Жаңылтпашты қалай түсінесің? №2 Жұмбақты қалай	көбейтуі қосу деп атайды. Қосудың өз белгісі болады. Әр әрекеттін сонында «қанша болды» деген сұрақ шығады. Оның да белгісі бар. Тәрбиеші тақтаға «қосу» мен «қанша болды» әрекетін математикалық тілінде жазып көрсетеді. Қарапайым есептер шығаруды жолдарын көрсетіп таныстырады. Сурет бойынша есеп шығаруға ынталандырады. Балалар, бүгін сабақта біз немен таныстық? Сабаққа белсенді қатысқан үшін балаларды мақтап, мадақтау. Күтілетін нәтиже: Заттың салмағы, «+», «=» белгілері болатының ұғынады. Заттарды салыстыруға, қосу әрекетін жасау керек екенін түсінеді. Заттарды алақанға салып салыстыруға, логикалық есептер шығаруды қолдана алады.

	әнге деген қызығушылықтарын ояту; музыкалық есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Әдіс - тәсілдер: салыстыру, сәйкестендіру, «ой қозғау», миға шабуыл, топтық жұмыс, дидактикалық ойын. Көрнекілігі: ойынға арналған үйлер және суретті алмалар (слайд), «Әнші төлдер» макеті, «Көңілді шарлар». Билингвизм: ән - песня, әнші - певец, ақын - поэт, сазгер - композитор Музыка жетекшісінің іс - әрекеті I. Бастапқы жүріс «Балдырғандар маршы» Марш екпінді әуен ойнап, балаларды	Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады. Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады. Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Әннің I қатарын - ботақандар тобы, II қатарын - бұзауқандар тобы, III қатарын - лақтар тобы, IV қатарын - құлыншақтар тобы, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді. VI. Ойын ойнау «Ән салған кім?» муз. дид. ойын. Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып	көрейік. Ойын: «Жалғасын тап». Мен бастаймын, ал сен қостайсың. - Отан оттан да ыстық. - Отансыз адам - ормансыз бұлбұл. - Отан – елдің анасы. - Отан үшін отқа түс, күймейсің. - Отаным - алтын бесігім. - Есік қағып Саяхатшы кіреді қолында Қазақстан Республикасының картасы бар. Балалар мен өмір бойы барлық жер шарын кезіп келемін, ал сіздің елде болмаппын. Сізің елмен жері мен қалаларын білгім келеді. Маған көмектесесіңдер ме? ИЯ. - Ал ендеше Сізді біздің елмен, қалалармен таныстырайық. Картамен Жұмыс: - Бұл біздің туып өсіп	түсінесің? №3 Нақыл сөзді қалай түсінесің? №4 Мақал дегеніміз не? №5 Мәтелді қалай түсінесің? Ойын: «Орамал тастамақ» 2 - бөлім. «Халық айтса, қалт айтпайды» атты бөлімде топ басшылары келіп тапсырмалар алады. Орындауға 2 минут, түсіндіруге 2 минут уақыт беріледі. А) Мақал - мәтелдердің мағынасын ашып түсіндіру. №1 Оқу – білім азығы, Білім - ырыс қазығы. №2 Білімдіге дүние жарық, Білімсіздің күні кәріп. №3 Жер - ырыстың кіндігі, Білім - ырыстың тізгіні. №4 Өнер - ағып жатқан бұлақ, Білім - жанып тұрған шырақ. №5 Наданмен дос болғанша, Кітаппен дос бол.	**Шығармашылық әрекет** **Сурет салу** «Түстер әлемі» Мақсаты: Сөздік жұмыс: түстер Билингвальды сыңары: қызыл - красный, сары - желтый, жасыл - зеленый. Заттық дамыту ортасы: қыстырғыштар, түрлі - түсті қақпақтар, дидактикалық материалдар. Мотивациялық қозғаушылық: Шаттық шеңбері Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Ұйымдастырушылық - ізденістік: - Балалар, мұнда бір қорапша тұр екен, оның ішінде не бар екен, қанекей ашып көрейікші. (қорапшаны ашу, ішінен түрлі - түсті шарлар шығады) - Ой балалар, мұнда түрлі - түсті шарлар бар екен,

	қабылдайды. Әндете сәлемдеседі. Біз - көңілді баламыз, Өнер қуған дарамыз. Әнге салып әдемі Би де билеп аламыз. II. Музыкалық - ырғақты қимылдар «Келші, құрбым билейік» Ән сөздеріне және ырғағына сәйкестендіре, жұптаса би қимылдарын орындауға шақырады. Балалармен бірге ән салып, би қимылдарын дұрыс орындауларына ықпал етеді. III. Музыка тыңдау Ой қозғау. Балаларға әнге қатысты бірнеше сұрақтар қояды. Әуен	баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Достығымыз жараса, Асыр салып таласа Ойынды тез бастайық, Шартын қатаң сақтайық 1 - 2 - 3. Ойын баста, ұш! Әннің I шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып, шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында – «көңілді шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады. **Сауат ашу негіздері** Геометриялық фигураларды,көгөністер, жеміс-жидектер және т.б дайын суреттердің сыртын контурдан шығармай бастыру бояу. А а әрпі Мақсаты: Әріпті таныту,сөз буындарынан ажырата білуге,сауатты жазуға, каллиграфиялық талаптарға сай	келе жатқан Отанымыздың, Тәуелсіз, Егеменді еліміздің, Қазақстан Республикасының картасы. - Қазақстан жері кең, әсем, әдемі. Мұнда көптеген қалалар бар. Онда көптеген халық өкілдері бар, олар өте тату тұрады Орман, көлдері, таулары, пайдалы қазбалары да бар. Енді, әр қалаға тоқталып қандай жер байлықтары бар екенін көрейік.байыту **Дене шынықтыру** Кеудеге арналған жаттығулар. Ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді; Ертеңгілік гигиеналық гимнастика — таңертең ұйқыдан кейін организмнің жұмыс істеу қабілетін қалпына	ә) Әр топқа тақырып беріледі, тақырыпқа сай 3 мақалдан айтулары керек. Ойлануға 1 минут уақыт Тақырып: Қыс. Отан. Кітап. Ойын: «Ұршық» 3 - бөлім. «Ойлан, тап!»деп аталады. А) Бұл бөлім бойынша әр топқа жеке - жеке жұмбақ жасырылады.. Шешуін 3 тілде айтулары қажет. Ойлануға 10 секунд №1 Бір үйге көзссіз боп басыңды сұғасың, Бұл үйден көреген болып шығасың. (мектеп, школа, school) №2 Ымырт түссе шығамын, Таң атқанда батамын. Көк теңізде шашылып, Көзімді ілмей жатамын. (жұлдыз, звезды, stars) №3 Тындырып адам жұмысын, Тазартып үйдің жуды ішін. Кейде дауыл соғады,	қанекей шарлардың түстерін атап жіберейікші. (балалар шарардың түстерін атайды) - Жарайсыңдар, балалар бізді бүгін осы түстер әлемі қонаққа шақырыпты, түстер әлеміне барғыларың келеді ме? - Иә. - Олай болса, көзімізді жұмып, сиқырлы сөздерімізді айтайық: Бір, екі, үш, Түстер әлеміне түс! Музыка әуенімен Еркетай қыз кіреді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар, түстер әлеміне қош келдіңдер. Мен түстер әлемінің Еркетайымын. Мен сендерге әр түске байланысты тапсырмалар дайындадым. Егер сол тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар, сендеге сыйлық дайындап қойдым. - Балалар, Еркетайдың

	мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды. Ән, әуен сөздерінің орыс тіліндегі аудармасын қайталатып, үйретеді. Бір баладан өзі білетін әннің әуенін ля - ля буыны арқылы орындауды, екінші баладан сөзін тақпақтап айтуды ұсынады. - Әнді кім шығарады? - Қандай сазгерлерді білеміз? - Әннің сөзін кім жазады? - Әнді орындайтын адамды кім дейміз? - Қандай ырғақтағы әндерді білеміз?. Балалардың назарын « ақылды тақтаға» аударады.	жазуға,каллиграфиялық талаптарға сай жазуға,көркем орындауға дағдыландыру.Сөздік қорын,байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Міндеттері: 1. А дыбысын кездесетін сөзге сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру 2. Ойын тиянақты жеткізуге баулу 3. Ұқыпты, таза, көркем жазуға тәрбиелеу Әдіс – тәсілі: сұрақ – жауап, түсіндіру. Көрнекілігі: әрпі,кеспе әріптер,суреттер Балалар шаттық шеңберіне тұрып, бір – бірлеріне жылы лебіздер айтады Жылы лебіздер білдіреді Балаларды А дыбысы Дауысты дыбыс, қызыл текшемен белгілейміз Сәйкес қимылдар жасайд Дәптермен жұмыс жасайды Дыбыс дегеніміз не? Дыбыстар нешеге	келтіруді тездететін дене жаттығулары. Ұйқы кезінде адамның орталық нерв жүйесі де тынығады. Бұл кезде жүректің соғысы азайып, тыныс алуы баяулайды, бұлшық еттері босап, организм толық демалады. Ұйқыдан оянғаннан кейін орталық жүйке жүйесі мен әр түрлі органдардың қызмет белсенділігі арта бастайды. Алайда белсенділікке көшу процесі ұзаққа созылып кеткен жағдайда оның жұмыс қабілетіне (дене және ой еңбегінде де) елеулі әсер ететіні ақиқат. Ондайда адамның ұйқысы ашылмай, дел-сал күйде жүреді, ашушаң болады. Ал дене жаттығуларын орындау барысында қозғалысқа түскен бұлшық еттер мен буындар орталық жүйке жүйесін белсенді	Кейде ішіне сорады. (шаңсорғыш, пылесос, vacvum cleanen) №4 Ішегіне мұз қатқан, Өзін - өзі мұздатқан. (тоңазытқыш, холодильник, fridge) №5 Жылыны суытпайды, Суықты жылытпайды. (термос, termos) ә) – Сөз жазылған карточкалар таратылады Түлкі, жұмыртқа, қайшы, кітап, бор. Әр топ өзіне түскен сөзге жұмбақ құрастырып, қарсы топқа жасырады. Ойлануға 2 минут. Ойын: «Сөз ойла, тез ойла» 4 - бөлім. «Кім жылдам?» Оқылған жаңылтпашты топ басшылары жаңылмай, қайта айтып берулері керек. №1 Бала бал арасын қуалады Бал арасы баланы қуалады №2 Ықылас пен Ыбырай Ыдыстарын тасымай,	тапсырмаларын орындаймыз ба? - Иә. 1 тапсырма. Сары түс. Жұмбақ Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Ойын тапсырма: «Күннің шуақтары» Шарты: қыстырғыштармен күнге шуақтарын жасау. - Жарайсыңдар, балалар сендер сары түстің тапсырмасын орындадыңдар. 2 тапсырма Қызыл түс Ойын тапсырма: «Көйлектер» Шарты: қақпақтарды көйлек түстеріне қарай орналастырады. - Балалар, мұнда біз Еркетай қыздың көйлегін сәндеп берейік. Сергіту жаттығуы 3 тапсырма. Жасыл түс Ойын тапсырма: «Ойлан да, тап» Шарты: суретте бейнеленген

	«Бұл үйдегілер не істеуде?» муз. дид. ойынын ойнауға шақырады. 1.«Елімізді сүйеміз» (марш) Ж. Қалжанова 2. «Күзге сәлем!» (вальс) А. Еспенбетова 3.«Әлди»халық әні (бесік жыры) Ойын шарты бойынша әртүрлі сипаттағы әуендерді ойнап, «үйдегілердің» қандай іс - әрекет үстінде екенін табуды сұрайды. Жауаптары дұрыс болған жағдайда көңілді әуен ойналатынын айтады. IV. Дауыс жаттығулары Жаттығуларды бірүнділікпен, әуенін	бөлінеді? Дауысты, дауыссыз дыбыстарды қандай текшелермен белгілейміз? Әріп дегеніміз не? Әріп дегеніміз дыбыстарды таңбалау «Буынды айтып сөз құра» дидакикалық ойыны Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи.., бә... А әрпін ауада жазып көрсету. Дәптермен жұмыс: Қолға қалам аламыз Дәптерімізді ашамыз Салақтықтан қашамыз Әдепті етіп жазамыз Алма баққа барамыз Алма теріп аламыз Ең үлкенін алманың Анамызға сыйлаймыз Қортынды: ыбыстық талдау жасау. Суреттегі ребусты шешу А дыбысының орнын табу А дыбысы кездесетін сөздерді алақанмен	жұмыс істеуге ынғайлайды. Сонымен қатар ішкі органдардың жұмыс істеу қабілеті жақсарып, өзін сергек сезінген адамның еңбекке деген ынтасы да артады. Таңертең дене тынықтыру үшін радио мен телевизиядан берілетін жаттығулар жүйесін пайдаланған ыңғайлы. Егер ондай мүмкіндік жоқ болса, өз бетінше қарапайым жаттығулар жүйесін ойластырған тиімді. Мұны мынадай принциптерге сүйене отырып істеген жөн. Ең бастысы — жалпы бұлшық ет атаулының, дененің неғұрлым көбірек қозғалысқа түскені дұрыс. Жаттығулар бірте-бірте күрделене түсуге тиіс: бірақ бұл алғашқы жаттығуларға қатысты емес. Әйтсе де жаттығу комплексін аяң жүрістен бастайды. Аяң	Ырыскүлден үлгі алмай, Ынтасыз жүр тілді алмай. №3 Ескекті есекші еседі, Ескекші ескекті еседі. №4 Гүлім гүлге қарап күлімдеді, Көгілдір гүлге қонған аралар гуілдеді. №5 Әбдіреде әбігер әтеш отыр, Әбігер әтеш отырған әбдірені Әжем қолмен ашып отыр. III. Сабақты бекіту, қорыту. - Тренинг сабақ ұнай ма? - Сабақтың басында қойған мақсатымызға жеттік пе? IV. Бағалау Әр баланың сабаққа қатысуына қарай бағалап, жұмыстарын қорытындылап, мадақтау. Топ басшылары өз топтарының балаларын жазбаша түрде бағалап береді. Оқушылар толық бағаланады. **Математика негіздері**	жануарлардың бейнелерін тауып орналастыру. - Балалар, бізге Еркетай қыз өзінің қуыршақтарын киіндіруге көмек сұрап тұр, көмектесеміз бе? - Иә. Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндір» Шарты: түймелеу, бау байлау, сыдыртпа тарту арқылы қуыршақты киіндіру. - Жарайсыңдар балалар, сендер менің тапсырмаларымның барлығын дұрыс орындадыңдар. Енді мен өзімнің сендерге дайындаған сыйлығымды берейін, алдымен сендер көздеріңді жұмып үшке дейін санаңдар. Балалар 1ден 3ке дейін санайды. Еркетай сыйлығын береді. - Балалар, біздің балабақшамызға қайтатын уақытымыз болды. Еркетай қызбен қоштасайық.

	дұрыс айтуларына мән береді. «Музыкалық баспалдақ» арқылы жаттығу жасатады. V. Ән салу 1. «Елімнің ертеңгі иесі біз!» әні: А. Еспенбетова. Өткен әнді естеріне түсіреді. Әннің атын, сазгерін атауды сұрайды. Әнді хор мінбесіне барып үнтаспаға қосылып, шумағын - жеке дауыста, қайырмасын - хормен орындауды ұсынады. Әнге дирижерлық қызмет көрсетеді. Әнді бірге бастап, бірге аяқтауларын қадағалайды. 2. «Әніміз бар тамаша!» Ән үйренуді жалғастырады. «Ақылды	шапалақ ұру арқылы буынға бөлгізу Буын жалғасын тап. Ал- .. Ар- .. Ай-.. Ап-.. Бүгін қандай дыбыспен таныстық? А дыбысы қандай дыбыс екен? Балаларды мадақтау, бағалау **Сөйлеуді дамыту** Байланыстырып сөйлеу. Мақсаты Дауыссыз дыбыс түрлерін ажырата білуге баулу Педагог балаларға сұрақтар қояды. Алғашқы қар. Педагог суретке қарап қайталау арқылы өлең жолдарын жаттатады	кезінде адам организміне үлкен күш түспесе де, жүйке орталықтары біртіндеп қалыпты деңгейге келеді де, тыныс алу органымен жүрек өз қызметін қайтадан жандандырады. Жаттығуды керілуден бастауға да болады: бұл вариант көбіне денсаулығы нашар, қартаң адамдарға дұрыс. Мұндай жағдайда аяңдау екінші жаттығудың орнына жүреді. Одан кейінгі жаттығулар анатомиялық прин- цип бойынша бүкіл дененің бұлшық еттерінің әр түрлі бөліктеріне қаншалықты әсер ететіндігіне қарай таңдалып алынады. Төменде дене тынықтыру жаттығуларының неғұрлым дәстүрлі варианттары ұсынылып отыр.	Шама. Сабақтың мақсаты: Шамалар ұғымын енгізу және ұзындық, масса, көлем шамаларының ортақ қасиеттерін білу. Масса, ұзындық, көлем ұғымдары туралы білімдерін бекіту. Өлшеу нәтижелерін натурал сандармен белгілеу дағдыларын бекіту. Сабақта “шама” ұғымы енгізіледі. “Шама” - өлшеуге болатын және өлшеген нәтижені санмен көрсетуге болатын ұғым. Сабақта шамалардың өлшемдермен байланысты түсініктерді меңгеру үшін жаттығулар жасалады. Тәжірибелік деңгейде оқушылар төмендегідей қорытындылар жасап үйренеді: — шамаларды өлшеуге, салыстыруға және нәтижесін сандар көмегімен көрсетуге болады; — шамаларды өлшеу үшін өлшем таңдап алып, оның	Сиқырлы сөздерді айтып балабақшаға оралу. Сұрақ - жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау. Балаларды мақтап, мадақтау.

	тақтадағы» әннің ырғақтық суретін көрсететін үлкен, кіші алмаларға қарап, әннің ырғағын дәл сақтап, алақан соғып жаттықтырады. Тамаша әнімізге қосылуға «әнші төлдер» келгендігін айтады. Балаларға төлдермен бірге ән ырғағын дұрыс сақтап, ән салуға шақырады. Әннің I қатарын - ботақандар тобы, II қатарын - бұзауқандар тобы, III қатарын - лақтар тобы, IV қатарын - құлыншақтар тобы, ал, қайырмасын барлық топ қосылып орындауға үйретеді. VI. Ойын ойнау		Аяң. Аякдан (бірқалыпты) жүру (бір орында тұрып жүруге де болады). Керілу жаттығулары . Аяқты бірге немесе иық ендігіне сай қояды. Әуелі екі қолды желнеге қойып, содан кейін бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін жайға қарай созады, одан соң керісінше осы ретпен кезек-кезек қайталайды. Бұл жаттығу тыныс алу органының жұмысына жақсы әсер етеді. Жаттығу кезінде екі иық пен басты артқа қарай шалқайта тұрып, дененің барлық бұлшық еттерін қозғалысқа келтіру қажет. Жаттығу барысында қолды жоғары көтерген сәтте саусақ ұшына қарап тұрған жөн. Керілу кезінде аяқтың ұшымен тұру арқылы жаттығуды	өлшенетін шамада қаншасы барын анықтауға болады; — шамаларды олар тек бірдей өлшеуіштермен өлшегенде ғана салыстыруға болатыны түсінетін болады. Сабақты өткен сабақтарда алған білімдерді еске түсіруден бастаңыз. Заттардың ұзындығын, массасын, көлемін өлшеуді бұрын қалай үйренгенін еске түсіріңіз. Масса, ұзындық, көлем — шамалар екенін, шамаларды өлшеуге, салыстыруға болатынын айтыңыз. Шамаларды өлшеп, ортақ қасиеттерін табуды ұсыныңыз. Екі шелекті және екі түрлі өлшеуіш ыдысты көрсетіңіз де, сұраңыз: — Қай өлшеуішті пайдаланып шелекке суды тез толтыруға болады? — Шелекті толтыру үшін қай ыдысты көбірек пайдаланады? Неге? Шаманы өлшеп, өлшем	

	«Ән салған кім?» муз. дид. ойын. Ойын алаңына «көңілді шарларды» алып баруларын сұрайды. Ойын шартын түсіндіреді. Санамақ арқылы ойын бастаушысын сайлайды. Достығымыз жараса, Асыр салып таласа Ойынды тез бастайық, Шартын қатаң сақтайық 1 - 2 - 3. Ойын баста, ұш! Әннің I шумағын орындау кезінде «шарларды» артқа тығып, шеңбер бойымен жай баса жүріп, әндетуді, қайырмасында – «көңілді шарларды» іске қосып, ырғағын соғуды ұсынады Дене шынықтыру Шанамен		күрделілендіруге болады. Жаттығу баяу, ақырын жасалуға тиіс. Ырғақ: 1—2 — керілу — тыныс алу; 3—4 — бастапқы қалыпқа оралу дем шығару. Қол және иыққа арналған жаттығулар : жайға созылған екі қолды жұдырық түйілген күйі ию және қайтадан жазу; осы қалыпта тұрып иықты айналдыра қозғау; қолды иыққа қарай иген күйде айналдыра қозғау; түзу тұрған қолды айналдыру; қолды бір иіп, бір жазып, серпінді қимыл жасау; #бір қолды жоғары көтеріп, екіншісін кейін серпиді де, осы қимылдар бірнеше қайталанады; #екі қолды алма-кезек алға қарай сілтейді («бокс»); қолды жоғары көтеріп	нәтижесін санмен көрсетуге болады деген қорытындылауға жетелеңіз. Егер өлшеуіш ретінде алған көлем үлкен болса, шаманы сипаттайтын сан кіші болады; егер өлшеуіш кіші болса, онда шаманы сипаттайтын сан үлкен болады деп қорытындылатыңыз. Осы қасиетті заттың ұзындығы мен массасын өлшегенде де пайдалануға болатынын айтыңыз. Салыстыр. Неге? Бұл тапсырма заттарды салыстыру үшін оларды бір өлшеуішпен өлшегенде ғана дұрыс нәтиже алуға болатыны туралы түсінікті бекіту мақсатында беріліп отыр. Сұрақ қойып, әңгіме жүргізіңіз: — Кімнің бөтелкесінің көлемі үлкен деп ойлайсыңдар? Неге? — Қыз бен ұлдың қолдарындағы бөтелкелері бірдей ме, әлде әртүрлі	

	сырғанау.Төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанай алады; Мақсаты: Деңсаулық сақтау технологиясын қолданып,балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгерту. Шана. Қыс қызығы Сабақтың мақсаты: Қыс мезгіліндегі ерекшеліктерді балаларға түсіндіру. Қыс мезгілінде ойналатын ойындарды, сырғанауға арналған заттарды ажырата білуге үйрету. Көрнекілігі: Қыс мезгілін бейнелейтін суреттер, шанамен сырғанақ теуіп жүрген балалар суреттері. Әдісі: Әңгімелеу, сұрақ жауап, топпен жұмыс, түсіндіру. Кіріктірілген сабақ. Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық		тұрып төмен түсіру, керісінше қайталау; қолды түзу ұстап, алға, жоғары, төмен т. б. түрлі бағыттарға созу. Мұндай қозғалыстарды барлық бағытта істеген жөн. Дене тұлғасына арналған жаттығулар . Гимнастика бастарда аяқтың арасын алшақтау ұстап, қолды мықынға немесе иыққа қояды; денені екі жаққа кезек бұру; оң мен солға кезек иілу; алға иілу (қолды еденге жеткізу керек); екі аяққа кезек иілу; денені мықын арқылы ырғай қозғау. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар . Бастапқы қалып — орындықтын шетіне отырып, жиегінен ұстанды; тізекі бүгіл, аяқты тік көтереді, одан кейін жазады (жоғарырақ) да,	ме? — Біз бөтелкелердің қайсысына көп сусын сыятынын айта аламыз ба? (Жоқ, айта алмаймыз.) Оқу - шыларға сурет бойынша өз ойларын қорытындылап айтуға мүмкіндік беріңіз. Шамаларды бірдей өлшеуіштермен өлшегенде ғана салыстыруға болады деген қорытынды жасатыңыз. Ойлан. Тапсырма оқулықтағы иллюстрация бойынша орындалады. Пішіндері әртүрлі ыдыстар берілген. Сондықтан қайсысында бұршақтың көп екенін көзбен мөлшерлеп анықтауға болмайды. Оқушылар жұппен жұмыс жасай отырып, қалбыр ыдыста бұршақ көп болады деген қорытындыға келеді. Себебі оған бірнеше өлшеуіш ыдыстағы бұршақ сыяды. Жауабы: қалбыр	

	- Балалар, бәріміз ортаға шығып, шаттық шеңбер жасайық.. Шаттық шеңбері: Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Табиғатты қорғайтын, Біз әдепті баламыз. Сабақтың жүру барысы Суда мұз бар, жерде қар бар, Боран борап соғады. Айтыңдаршы балалар, Бұл қай кезде болады? Қыс мезгілі. Қысқы табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу. - Жылдың төрт мезгілін бірі - қыс. Қыс – суық, қарлы, аязды болады. Қыста қар жауып, аяз болып, ағаштарға қырау тұрады. Ол табиғаттың өзі жасаған шеберлігі. Қыс мезгілінің айларын ата. Осы қыс айлары бойынша топқа бөлінейік. Ол үшін тақта алдындағы қардың суретін таңдап алуымыз керек. Онда қыс айлары		біртіндеп төмен түсіреді; #аяқты тік созған қалпы жоғары көтеріп, қайтадан төмен түсіреді. Осы жаттығуды жерде (кілемде) жатып та жасауға болады; аяқты алма-кезек тізекі бүкпей жоғары көтеріп, қайшылай қозғайды. Аяққа арналған жаттығулар . Аяқты қосып ұстап түрегеліп тұрып: аяқтың ұшымен көтеріліп, қайтадан біртіндеп өкшемен төмен түседі; аяқтың ұшымен көтеріліп, содан кейін төмен түсерде жартылай иіледі; бір нәрсеге қолмен таянып тұрып, екі аяқпен алма-кезек доп тепкенге ұқсас қимыл жасайды; бастапқы қалыптағыдай қолды белге таяныш, одан кейін оны екі жайға	ыдыстағы бұршақ артық. **Қоршаған ортамен таныстыру** Менің Отаным-Қазақстан. Мақсаты—ұлттық ойындарға қызығушылықтарын арттыру. Бүгін біз бірігіп «Хан талапай» асық ойынын ойнаймыз. Мақсаты: Балаларға Қазақстан туралы білім беру. Қазақстан Республикасының рәміздерімен таныстыру. Рәміздерді танып, біліп, айтып беруге үйрету. Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен қарауға, туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу. Көрнекіліктері: Қазақстан Республикасының рәміздерінің суреті, слайд. Билингвалды компанент: Менің Қазақстаным- Мой Казахстан, Отан-Родина. Әдіс-тәсілдері: сөздік, көрнекілік, ойын. Шаттық шеңбері: Балалар	

	үш тілде жазылған. Желтоқсан Декабрь December Қаңтар Январь January Ақпан Февраль February Желтоқсан, қаңтар мен ақпан айларында ауа райы суық болады. Қаңтар – қыс шатыры. Қыстың үш айы қандай суық болған күнде де адамдар мұз айдында конькимен сырғанайды, шаңғы, шана тебеді. Қар кесектерін домалатып, аққала жасайды. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін атап бер? Қыс мезгілін не үшін жақсы көресіңдер? Пікірлеріңді білдіріңдер. 1. Жұмбақтарды шешейік: Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тоңады. (Қар) Отқа жанбас, суға батпас (Мұз) Есіктен кіреді еңкейіп, Төрге шығады қампайып. (Аяз)		қарай созып бір тұрып, бір отырады; қолмен таянып тұрып, аяқты алма — кезек жан-жаққа сілтей қозғалды. Аяқты алшақтау ұстап, екі аяққа алма — кезек иіледі (тізеден қолмен ұстауға болады). Бүкіл дененің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар . Бұл жаттығуларды әртүрлі қалыпта орындайды: аяқты созыл жіберіп, екі қолмен жер тірей жатады (бұл кезде дене жерге тимеуі тиіс), одан кейін бастапқыға қайта ораладЫ; аяқты алшақтау ұстап, (екі қол белде) оң қолды жоғары көтеріп сол жаққа иіледі, одан кейін бастапқы қалыпқа оралып, осы қозғалысты екінші жаққа қайталайды; әуелі түрегеп тұрып, содан соң отырады, одан кейін аяқты артқа	бүгін бізге көптеген қонақтар келіпті. Қане бәріміз қонақтармен жақсылап амандасып алайық. Білгір қазақ баласы Сәлем сөздің анасы Тобымызға келіп отырған Апайларға қарашы Бәріне де ізетпен Иіліп сәлем береміз Сәлеметсіздерме апайлар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен басталады. (Балалар орындарынан тұрып әнұранды айтады. Сұрақтарға жауап алу. — Қазір жылдың қай мезгілі? — Қыс мезгілі неше айдан тұрады? — Қыста қандай өзгерістерді байқайсыңдар? Бүгінгі тақырыбымыз: «Менің Қазастаным» республикамыздың рәміздері туралы болады. Кіріспе әңгіме — Балалар, біздің	

	2. Суретпен жұмыс. «Қыс қызығы» тақырыбы бойынша әңгімелеу. «Қысқы ойындар» дидактикалық ойыны. Шарты: балалар бір - бірден қоржын ішінен суреттерді алады. Суреттердің ішінен қысқы ойын түрлері бейнеленген суретті тауып, оны тақтаға жапсырады. Сонан соң сурет бойынша қысқы ойын түрлері туралы әңгімелейді. Табаныма байладым, Қос таяқпен айдадым. (Шаңғы) Табаныма тақтым, Жалпаң қақтым, Зырлап бақтым. (Коньки) Таудан түссем, тоқтауды білмейді, Тауға қарай тартсам да жүрмейді. Зулап түсіп төменге, Шықпас менсіз төбеге. (Шана) 3. Сергіту сәті. Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбайтын суықтан.		жіберіп қолмен жер тірейді, қайтадан бастапқы қалыпқа келеді; денені оңға қарай бұрып және сол аяқты иіңкірей, оң аяққа сол қолдың саусақтары жеткенше еңкейеді (ал екінші қол артта қалады), сосын бастапқы қалыпқа қайта оралады (екінші бағытқа да осылай жасалады);	Республикамыз қалай аталады? — Бас қаламыз қай қала? — Біздің елбасымыз Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті — Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Нұрсұлтан Назарбаев — өзі еңбекқор, білімді, ізденімпаз. Ол өзінің осындай еңбекқорлығының арқасында мемлекетіміздің мықты басшысы бола білді. Қазіргі президентіміз – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев. Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны, туы, елтаңбасы болады. Оны рәміздер деп атаймыз. Біздің Қазақстан Республикасының Әнұранының әнін жазған Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар — Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев. Біз әнді орындаған кезде	

	Қардан жасап аққала. Сырғанаймын шаттана. 4. Оқулықпен жұмыс. Г. Әзімбаеваның «Шана» атты шағын әңгімесін оқып беремін де, ары қарай бала қалай жауап беруі мүмкін? (Балалар ойланып, өз ойларын айтады) 5. Суретті бояу Қысқы табиғат туралы суреттерді боятып, әңгімелету. 6. Ребусты шеш. «Шана» Қорытынды: - Қыста қандай ойын түрлерін ойнаймыз? - Кімнің шана, шаңғы, конькиі бар? - Қазір техниканың жедел дамыған заманында бізге не керектің бәрі де дүкен сөрелерінде немесе ашық базарларда самсап толып тұр. Алайда, олардың кез келгенін әпере беруге біздің ата - аналарымыздың шамалары жете			қолымызды жүректің тұсына қоямыз. Өйткені біз мемлекетімізді жүрегімізбен жақсы көреміз. Тудың түсі — көк, тудың сол жақ жиегі қазақ халқының оюымен өрнектелген. Тудың ортасында сары түсті шұғылалы алтын күн. Алтын түспен сары түс байлықты, молшылықты білдіреді. Күннің астында бүркіт, қыран құс — еркіндік, бірліктің белгісі. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы – дөңгелек нысанды және көгілдір түс аясындағы шаңырақ түрінде бейнеленген, шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап уықтар шаншылған. Шаңырақтың оң жағы мен сол жағында аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – бес бұрышты көлемді жұлдыз, ал төменгі бөлігінде	

	бермеулері де мүмкін. Сондықтан кейбір ата - аналар шананы қолдан құйдырып та жасатады. Сондай шана кімде бар? - Сен оларды тиімді пайдаланып жүрсің бе? Балаларды мадақтап, бес жұлдызшалар таратып, сабақты аяқтаймын			«Қазақстан» деген жазу бар. СЕРГІТУ СӘТІ: Бір шаңырақ астында, Тату-тәтті тұрамыз. Бірге ішеміз асты да, Бірге сайран құрамыз. Достықты үлгі санаған, Бір үйде біз тұрамыз. Қалған ата-бабадан., Бірлік асыл мұрамыз! — Балалар, рәміздер, қалалар туралы қандай тақпақ, мақалдар білесіңдер? Досымжан: Айнымайды аспаннан, Біздің тудың бояуы. Оны халық қашанда, Биікке іліп қояды. Аяулым : Елтаңбасы елімнің, Неткен әйбат, әдемі, Тұнығындай көңілдің, Ортада — аспан әлемі. Нұрсұлтан: Астана — әйбат қала, Келесің айбаттана. Еліме тірек болып, Тұр соғып жүрек болып. Біз отанымызды сүйеміз, Елбасымызды мақтан	

				тұтамыз. Мақал-мәтелдер: Мейірім: Отан-көркі жерімен, Асылзат: Отан – оттан да ыстық. Диас: Ер-жігіт ел үшін туады, Елі үшін өледі. Ойын: «Қазақстан қалалары». Ойынның шарты: Ойынды бастаушы қолындағы допты Қазақстанның кез-келген қаласын айтып, қарсы тұрған балаға лақтырады. Допты қағып алған бала келесі қаланың атын айтып, допты тағы бір балаға лақтырады. Қорытынды: «Ыстық доп» әдісі. — Бүгінгі оқу қызметі саған ұнады ма? — Қазақстан Республикасының президенті кім? — Рәміздер не жатады? — Тудың түсі қандай? — Туымызда ненің суреті бейнеленген?	

				— Елтаңбамызда не бейнеленген? — Елтаңбаның пішіні неге ұқсайды? Күтілетін нәтиже: Қайталай алады: Қазақстан Республикасының рәміздерін. Түсінеді: Қазақстан Республикасының рәміздеріне құрметпен қарауды. Қолданады: Отан туралы, Қазақстан Республикасы туралы мақал мәтелдерді Дене шынықтыру Кеудеге арналған жаттығулар. Қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады Иыққа арналған жаттығулар Мақсаты: Әр түрлі жаттығуларды жасату. Жаттуғаларды дұрыс жасауға баулу. Ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін дамыту. Өзара қарым-	

				қатынастарын нығайту. Қолданылатын құрал-жабдықтар: зал, 4-6 түсті жалаушалар. Балалардың спорт киімдерін кигізіп, мектеп спорт залына апару. Шаттық шеңбері: Не үшін ? Қ.Мырза Әли Екі көзің не үшін керек? Жақсыларды көру үшін. Құлақ деген не үшін керек? Ақыл-кеңес тыңдау үшін. Екі қолың не үшін керек? Елге көмек беру үшін. Сапқа тұрғызу. - Оң-ға бұрыл! - Сол-ға бұрыл! - Ай-нал! - Ай-нал! - Оң-ға! Шеңбер бойымен жүрудің түрлері: Кеудеге арналған жаттығуларды жасау: - кілемшенің үстіне аяқты алшақ етіп қойып тұру; - тыныс алу жаттығуларын жасату;	

				(мұрынмен тыныс алу, ауызбен тынысты шығару; мұрынның бір тесігін жауып тыныс алып шығару; келесі мұрынның тесігімен тыныстау; мұрынның көмегімен өкпені толықтай ауаға толыру (терең тыныстау) – сол арқылы өкпенің әрбір клеткасына ауа баратынын балаларға түсіндіру; т.с.с. - кілемшенің үстіне етбетінен жату; - оң қолдың алақанымен сағат тілі бойынша кеудені сипап массаж жасау; - орташа көлемді шариктарды кеудеге қойып айналдыру; - екі қолмен жоғарыдан төмен қарай кеудені сипалау; екі қолды қолтыққа қойып, кеуденің ортасына қарай (ортаға қарай) сипалау; Қол, иық жаттығулары. - қолды иықтың бойымен ұстап, білезіктен бері алдыға –артқа	

